



• МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Шахтадағы өрт: жазықты – жұмыс беруші

Үкіметтік комиссия бес адам қаза тапқан «Қазақстан» шахтасындағы қайғылы оқиғаны тергеп-тексеру қорытындысын жариялады. Комиссия апат кезінде пайдаланылған техникалық құрылғылар мен жабдықтарға арнайы сараптама жүргізді. Сондай-ақ, өрттің пайда болуының және таралуының техникалық себептерін анықтау үшін өрт-техникалық сараптама да жасады. Кінәлі – жұмыс беруші. Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпханов қатысқан баспасөз мәслихатында болашақта дәл осындай жағдайдың алдын алу үшін комиссия бұдан былай жазатайым оқиғаның себептерін жою бойынша іс-шаралар әзірленгенін де жеткізді. Бірақ, жыл сайын жасалатын ескертуді «елемей», адам өмірін «елеп» қылмай келген «АрселорМиттал Теміртау» акционерлік қоғамы бұдан кейін қандай әрекет қылары белгісіз. Өйткені, өрттің орын алуының негізгі және басты себептерінің бірі – конвейер таспасының тұтануы. Атап айтқанда, көмір конвейерінің шығыршығы деформацияға байланысты қарысып қалғандықтан, таспа үйкеліп, өрт шыққан. Салдарынан көмір тұтанған. Ал, мемлекеттік стандарт бойынша елімізде қолдануға болмайтын дәл осы таспа Үндістанның бір зауытында жасалған.



Салтанат ІПІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Апатқа себепші – төзімсіз таспа

Орнатылғанына небары 1,5 ай ғана болған көмір конвейерінің таспасы апатқа кінәлі. Үндістанда дайындалған таспаның сертификаты жоқ. Соған қарамастан, 50 шақырымына тапсырыс беріліп, Қарағандыға жеткізілген. Оны «Қазақстан» шахтасында ғана емес, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ өзге шахталарында да қолданып келеді.

Жалпы, сарапшылардың айтуынша, дәл осындай конвейер таспаларын шахталарда қолдануға рұқсат етілген. Бірақ, ол өртке төзімді болуы керек. Ресейдің Кемеров ғылыми-зерттеу орталығында жасалған сараптама қорытындысы бойынша, таспа – өртке төзімсіз.

– Сараптама қорытындысына сәйкес комиссия апат пен топтық жазатайым оқиғаның негізгі себептерін анықтады. Бірінші себебі – көмір конвейерінің шығыршығы қарысып қалғандықтан, конвейер таспасы үйкеліп, өрт шыққан. Екіншіден,

шахтаның инженерлік-техникалық құрамы тарапынан өндірістік бақылау болмаған. Сондай-ақ, қауіпсіздік техникасы сақталмаған және энергия-механикалық қызмет бақылауға алынбаған. Үшіншіден, қауіпсіздік талаптары мен техникалық реттеу нормалары бұзылған. Атап айтқанда, сәйкестік сертификаты жоқ кенеп таспаны орнатылуы. Ал, соңғысы, жұмыс аймағының тоздануы және жану өнімдері мен тау-кен жұмыстары салдарынан ауа газданып, жұмысшылардың өліміне әкелген, – деді Сырым Шәріпханов.

Одан бөлек, министр еңбек заңнамасы нормалары да бұзылғанын атап өтті. Комиссия жұмысының нәтижесі бойынша жұмыс берушінің 100% кінәсі анықталды. Заңнаманы бұзуға жол берген 28 жауапты тұлға анықталды. Оның екеуі – жоғары лауазымды Үндістан азаматтары болса, 26-сы – қазақстандықтар. «Азаматтық қорғау туралы» Заңға сәйкес тергеп-тексеру нәтижелері құқық қорғау органдарына беріледі.

Өрт әлі сөнген жоқ
Сырым Шәріпханов атап өткен-

дей, «Қазақстан» шахтасындағы өрт әлі тоқтаған жоқ. Апаттық учаскедегі жағдайларға байланысты осы учаскені оқшаулау шешімі қабылданған. Яғни, өттегін шектеу үшін 25 арнайы құрылым салынуда. Қазірдің өзінде 18-і салынып, қалғандары бойынша жұмыс жалғасуда. «Апаттық-құтқару жұмыстары аяқталғаннан кейін және шахтаның апаттық учаскесі қалпына келтірілгеннен кейін тау-кен жұмыстарын қайта бастау мүмкіндігі туралы шешім қабылданады», – дейді Төтенше жағдайлар министрі.

Бір айдан астам уақыт бойы құтқарушылар «Қазақстан» шахтасындағы өртті жоюмен күресіп жатыр. Бұл туралы брифинг барысында Кәсіби әскерлендірілген авариялық-құтқару қызметтерінің республикалық орталық штабы Қарағанды филиалы директорының бірінші орынбасары Геннадий Силинский мәлімдеді. Журналистердің «Тау-кен құтқарушылары неге дүкен сатушылары деңгейінде жалақы алады? Олар апатты жою кезінде өмірлерін қатерге тігеді емес пе?» деген сұрағына да өз жауабын айтты.

– Бүгінде қатардағы құтқарушының

лауазымдық жалақысы – 250 мың теңге. Күрделі апатты жоюға бір айдан астам уақыт қатысқан адамдар апат аяқталғаннан кейін қосымша төлем алады. Респираторларда жұмыс істеген кезде адамдар тікелей шахтада өткізген кезең үшін төрт есе жоғары жалақы алады, – деді Геннадий Силинский.

Ал, егер құтқарушылар тиісті психо-эмоционалды жүктемеге төтеп бере алмаса, олар апатты жою кезінде немесе оның соңында жұмыстан шығатын жағдайларда болатынын жеткізді ол.

Сараптама болжамға емес, дерекке сүйенді

Комиссия құрамында тергеп-тексеру жұмыстарын жүргізу үшін «Қазақстан» шахтасына түскен «Қорғау» көмір өндірушілер кәсіподағының бас техникалық инспекторы Андрей Лукин де брифинг барысында пікірмен бөлісті.

– Шахтаға бізбен бірге өрт сарапшысы да түсті. Оқиға орны фотоға және видеоға түсіріліп, соның негізінде акт жасалды. Нәтижесінде сарапшы электр желісінің қысқа тұйықталуын жоққа шығарды. Өрт үйкеліс салдарынан механикалық энергия жылу энергиясына айналуынан болған. Оған таспа тұтанған. +50 градус температурада көмір өздігінен тұтанады. Яғни, 50 градуста көмір өзінің химиялық-физикалық қасиетін өзгертіп, жана бастайды. Конвейерді тоқтаусыз айналдыратын шығыршық қарысып қалғандықтан, кенеп таспа үйкелісінен туындаған энергия 80 градуска дейін баруы мүмкін. Бұл көмірдің тұтануы үшін жеткілікті, – дейді Андрей Лукин.

Бас техникалық инспектор Кемеров ғылыми-зерттеу институты таспа орташа тұтану қасиетіне ие деген қорытынды шығарғанын айтып, Қазақстанда қолданылатын таспалар жаппай болуы керек екенін де жеткізді. Ал, Үндістанмен таспа сатып алуға келісімшарт жасаған – акционерлік қоғамның сатып алулар жөніндегі директоры.

– Таспаның сәйкестік сертификаты бар. Бірақ, Қазақстан Республикасында пайдалануға жарамсыз нормалар бойынша жасалған. Атап айтқанда, Үндістанның заңы бойынша жасалған. Сертификаттың өзі тек ағылшын тілінде ғана, – дейді Андрей Рудольфович.

Брифинг соңында Сырым Дүйсенғазыұлы «АрселорМиттал Теміртау» АҚ тарапынан қаза тапқандарды жерлеуге көмек көрсетілгенін, сондай-ақ, әр отбасыға жылдық жалақының 10 еселенген мөлшерінде төлем жүзеге асырылғанын атап өтті. Одан бөлек, қайтыс болған кеншілердің балаларына 18 жасқа толғанға дейін және жоғары оқу орындарында оқу кезеңінде қаржылай қолдау көрсетіледі.

• ӘЛЕУМЕТ

Әлеуметтік көмек кешікпейді

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметіне сүйенсек, ел бойынша жарты миллионнан астам адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалған. Аталған көмекті осы айда 106,7 мың отбасындағы 559,8 мың адам алған. Бұл үшін 65,4 млрд. теңге бюджеттен бөлінді.

Жансия ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»



Жыл басынан бері кепілдендірілген әлеуметтік көмек табиғи нысаннан монетизациялау форматына көшкен болатын. Оған сәйкес 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды қоса алғанда әр балаға 1,5 АЕК мөлшерінде төленіп келеді. Қыркүйектің басындағы деректер бойынша атаулы әлеуметтік көмек алатындар қатарындағы балалар саны 172,9 мың. Яғни, осыныша балаға қосымша төлем тағайындалды.

Атаулы әлеуметтік көмек жан басына шаққандағы орташа табысы өңірлік ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ынан төмен отбасының әрбір мүшесіне беріледі. Оны тағайындау туралы өтінішті тұрғылықты жері бойынша мансап орталығында, ауыл округінің әкіміне сондай-ақ, egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы беруге болады.

Қарағанды облысында жыл басынан бері 1 692 отбасынан 7 743 адам барлығы 477,7 млн. теңгені құрайтын атаулы әлеуметтік көмек алды. Оның 670-і қопбалалы отбасы.

• ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЖЕГІ ҚҰРТ

Тегіңіз тізімде жүрмесін

Алдағы уақытта жемқорлық үшін сотталған адамдар туралы мәліметті барша қазақстандықтар көре алады. Бұл туралы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің баспасөз қызметі хабарлады. Агенттікте хабарлағандай, мұндай шара жұмыс берушілердің адамды жұмысқа қабылдауы кезінде дұрыс таңдау жасауына әсер етпек.

Жансия ОМАРБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Жемқорлыққа қарсы саясатты жетілдіруге бағытталған заңнамалық бастамалар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қоғамдық кеңесінің отырысында айтылды. Жемқорлық жазағаны үшін заңды тұлғалардың жауапкершілігін күшейту мәселесі де айтылды. Қазіргі уақытта Парламентте пара беру уәдесі мен ұсынысын криминализациялау мәселесі қаралып жатқаны да белгілі болды.

Хабарламада айтылғандай, пара беру ұсынысы деп, ауыспа немесе жазбаша, электрондық нысанда да пара беру туралы анық және түсінікті сөз, ал пара беру уәдесі деп, пара беру уақыты, орны, тәсілі туралы хабарламасы бар сөз түсінілетін болады.

Кәсіптен нәсіп тапқандар

Қарағанды облысында кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобаны іске асыру жалғасуда. Бағдарлама аясында мемлекеттік грант алып, кәсібін дөңгелеткендер саны артқан. Биыл осы мақсатта 191 грант беру үшін 263,58 миллион теңге қаражат бөлінді. Грант мөлшері 1 380 000 теңгені құрайды. Бүгінгі таңда грантка қатысушылардың бизнес-жобаларын қарау жөніндегі қалалық және аудандық комиссиялардың шешімдеріне сәйкес жалпы сомасы 204,2 миллион теңгеге 148 адамға грант берілген.

Қарағанды қаласындағы мемлекеттік қолдауды көрген жас кәсіпкерлермен тілдесудің сәті түсті.

Кристина – әлеуметтік кәсіпкер

Қазақ тілінде оқытатын ерекше балаларға арналған АВА-терапия кабинетін ашқан Кристина Вороновская мемлекеттік грант бұрыннан ойда жүрген ісін ашуға септігін тигізгенін айтады.

– Мен өзім ерекше баланың анасымын. Қарағанды қаласында аутизм диагнозы бар балаларды қазақша оқытатын арнайы орталық болмағандықтан кейін кабинет ашсам деген ой туындады. Алғашында «Бизнес бастау» курсынан өтіп, сертификат алдым. Бизнес-жобамды жасап, мемлекеттік грант алуға өтініш бердім. Жобам озып шығып, грант негері атанып, 1 380 000 теңге қайтарымсыз қаражат алдым.

Грант алу маған оңай болды. Өйткені, бұл саланы ұзақ зерттедім. Талдау жасадым. Баламды жетелеп, Қарағандыдағы аутизм дерті бар балаларды оқытатын барлық орталықтарды аралап шықтым. Төрт жылдай уақытым сонымен кетті.

Маусым айынан бастап, осы арнайы кабинетті ашып, жұмыс істеп жатырмын. Бүгінде 10 бала оқиды. Әр балаға жеке уақыт бөлемін. Күніне бір бала 2-3 сағат тәлім алады. Кабинетті жалға алып отыр-



мын. Ата-аналар оқу қаржысын төлеп тұрады. Бір үйде екі ерекше баласы барлар тегін оқиды. Бұл жобаның мен үшін тиімділігі зор. Мен басқа балалармен қатар

өз баламды да оқытып, жетілдіріп жатырмын. Екі-үш айдын өзінде біраз жетістікке жеттік, – дейді Кристина.

Мемлекет берген грантка Кристина



► 2-бет



Еріктілер нашақорлыққа қарсы



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы еріктілік» жобасы тамыз айында басталған. Қазір еріктілерді қабылдау жүріп жатыр. Бұл туралы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың қатысуымен өткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі өңірлік комиссия отырысы барысында Қарағанды облысының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің алдын алу басқармасының қызметкерлері хабарлады.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақ тұрғындарын «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы еріктілік» жобасына қатысуға шақырады. Жоба бюджет қаражатының тиімді жұмсалыуына қоғамдық бақылауды, студенттік қоғамдастықта сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды һәм азаматтар мен еңбек ұжымдарына тегін құқықтық көмек көрсетуді көздеп отыр. Сыбайлас жемқорлықпен күресушілер қатарына барлық ниет білдірушілер кіре алады. Жас шектеулері жоқ.

Жобаның мақсаты – заңсыздықтарға бейжай қарамайтын азаматтарды, қоғамдық бірлестіктерді, бизнес және квазимемлекеттік сектор субъектілерін, сондай-ақ өзге де ұйымдарды еріктілер

ретінде тарту. Олар қоғамдық бақылауды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы зерттеулер мен білім беруді жүргізу жұмыстарымен айналысады. Pro bono және корпоративтік волонтерлікке тартылатын болады, – деді превенция басқармасының офицері Әкім Сақтапбергелі.

Сондай-ақ, отырыста мемлекеттік білім беру ұйымдарының жұмысындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау қорытындылары туралы айтылып, жергілікті атқарушы органдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі қызметі қаралды. Ермағанбет Бөлекпаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы алдын алу шараларын күшейтуге шақырды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары бойынша облыс үшін бірыңғай бағдарлама және профи-

лактикалық іс-шаралардың медиажоспарын құру қажет. Бұл барлық аудандар мен қалалар қалай әрекет ету керектігін білуі үшін керек. Шын мәнінде, бұл бағытта көптеген идеялар бар. Бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет спикерлерін бұқаралық іс-шараларға тарту, агенттік Call-орталығының 1424 нөмірін кофе стакандарына, қоғамдық көлікке орналастыру, кинотеатрларда профилактикалық роликтерді көрсету және тағы да басқа шаралар. Біз бұл жұмысқа жастарды белсенді түрде тартуымыз қажет, – деп атап өтті облыс әкімі.

Жобаның әлеуетті еріктілері электрондық поштаға pr.karaganda@antikor.gov.kz немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің кеңсесі арқылы, сондай-ақ eOtinish электрондық платформасы арқылы сауалнама-өтінім бере алады.

Орақ науқаны жалғасуда

Аймақта орақ науқаны жалғасып жатыр. Биылғы қуаңшылыққа қарамастан егін бітік шығып, шаруалар қорқынышын сейілткендей. Десе де, қыркүйектің бірінші онкүндігінде жауған жауын-шашын орымға кедергі келтірді. Жиналған астықтың ылғалдылығына байланысты оны кептіру – бүгінгінің мәселесі. Бұл туралы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының башысы Саят Мусин аппараттық кенесіте баяндады.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Астық кептіргіш құрылғылар жауын алғаш жауғаннан іске қосылып, қолданысқа берілген. Оларды мүмкіндігінше көп пайдаланудамыз. Қазіргі таңда астық кептіретін құрылғы саны – 48. Сондай-ақ, кейбір шаруалар қосымша өз қаражатына кептіргіштер сатып алуда. Мұнымен жұмыс жеңілдейді деп күтудеміз. Ендігі жерде жиналған астықты оның жарамдылығын жоғалтпай пайдаға асыру жолға қойылады, – деп атап өтті Саят Мусин.

Аймақ бойынша бүгінгі таңда барлығы 319 мың гектар егін алқабы бастырылды. Оған 206,5 мың тонна астық алынды. Сонымен қатар, 2814 гектар алқаптан 54,9 мың тонна картоп жиналды. Ал, 276 гектар алқаптан 8 мың тонна көкөніс өнімі алынған. Бір айта кетерлігі, биыл дөңді дақылдардың ауданы 993,2 мың гектар. Бұл есеп өткен жылғы деңгейден 73,3 мың гектарға артық. Сондай-ақ, егін жинау науқанына 2095 астық жинайтын комбайн жұмылдырылған. Қауырғ жұмыс аясында шығын мен



кірістің де жоспарға сай болғаны абзал. Облыс әкімінің орынбасары Бауыржан Асановтың төрағалығымен өңірде шығынды азайту және егін жинау кезінде туындайтын проблемаларды жедел шешу үшін жұмыс тобы құрылған болатын. Құрылған топ бүгінгі таңда орақ науқанына біршама септігін тигізіп, жұмыс жүргізуді жеңілдетуге әрекет жасауда. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев құрылған арнайы жұмыс тобына егін жи-

нау жұмыстарын оңтайландыруды және әрбір «құрғақ» күнді тиімді пайдалануды тапсырды.

Ауыл шаруашылығы басқармасы мен аудан әкімдеріне егінді уақытылы жинау үшін барлық жағдайды қамтамасыз етуді тапсырамын. Дымқылданған астықты дер кезінде кептіріп, оны іске жарату да үлкен маңызға ие. Жұмыстардың барлығы жоспар мен талапқа сай атқарылуы керек, – деді өңір басшысы Ермағанбет Бөлекпаев.

Сонымен қатар, өңір басшысы аудан әкімдері дизель отыны бойынша жұмысты жеделдетіп, келесі жылға тұқымға деген қажеттілікті анықтауды да баса назарда ұстау керектігін жеткізді.

Кәсіптен нәсіп тапқандар

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл кәсіпті кеңейтіп, кабинетті арнайы орталыққа айналдырсам деген де ойым бар. Сол үшін тынбай еңбек етіп жатырмын. Қазіргі таңда ерекше балалары бар екі ана АВА-терапевт мамандығы бойынша білім алуда. Арнайы оқуды бітіргеннен кейін әлеуметтік кәсіпкер ретінде менің қарамағымда жұмыс істейтін болады, – дегенді айтады жас кәсіпкер.

Биге құштар Акерке

Алты жасынан биге қатысқан Акерке Зұлкарнайдың да өз кәсібін ашсам деген арманы орындалған. Бүгінде ол – «Асылым»



би ұжымының көркемдік жетекшісі.

Қарағанды қаласындағы №1 балалар өнер мектебін бітір-

дім. Биді алты жасымнан менгере бастадым. №86 мектептегі «Айналайын» би тобында өнерге қадам бастым. Мектеп бітіргеннен кейін жеке ансамбль ашсақ, өзіміз қаражат тапсақ деген ой маза бермеді. Кейін тәуекелге бел буып, осы «Асылым» би ұжымын құрдық. Топтың құрылғанына да алты жыл болып қалды. 10 биші қызымыз бар. Негізінен студенттер. Оларға бұл қосымша табыс көзі ғана емес, бидің түрлерін үйренуге зор мүмкіндік. Негізінен той, мерекелік концерттерде өнер көрсетеміз. Біздің басты мақсатымыз – дәстүрімізді насихаттау.

Кәсібімізді ұлғайту үшін биыл мемлекеттік грантқа құжат тапсырдық. Наурыз айында қаражат қолымызға тиді. Ұтып алған қаржыға

ұлттық нақыштағы би көйлектерін алдық, – дейді Акерке. Жас кәсіпкерге Құдай қосқан қосағы Азиз әрдайым көмек қолын созып, бағыт-бағдар беріп келеді. Мамандығы экономист болғандықтан грантқа қатысқанда да бизнес-жобаны жазып-сызып, есеп-қисапты түзіп берген.

Үшінші лекте 55 грант

– Биыл кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобаны іске асыру үшін 191 грантқа 263,58 миллион теңге қаражат бөлінді. Осы уақытқа дейін 148 грант несін тапты. Алдымызда үшінші лек түр. Онда 55 грант беру жоспарда. Гранттар кестесіне сәйкес business.enbek.kz порталында өтінімдерді қабылдау 2023 жылдың 11 қыркүйегінен 22 қыркүйегіне дейін жүргізіледі. Жаңа

бизнес-идеяларды іске асыруға грант халықтың әлеуметтік осал топтары қатарындағы адамдарға конкурстық негізде беріледі. Ол санатқа атаулы әлеуметтік көмек алушылар, көпбалалы отбасылар, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем алушылар, қоныс аударушылар, қандастар, еңбекке жарамсыз көрсеткіштері жоқ мүгедектігі бар адамдар, мүгедек баланы тәрбиелеп отырғандар жағдайы.

Ықтималды грант алушыларға, егер олар өтініш тапсырғанға дейін ресми түрде жұмыссыз болған жағдайда беріледі. Үш жылдан аз уақыт жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлер де мемлекеттік қолдауға не бола алады, – дейді Қарағанды облысы бойынша Еңбек мобилділігі орталығының бөлім басшысы Фараби Мұхтаров.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

• КОНСТИТУЦИАЛЫҚ СОТ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Саясаттағы негізгі идеология – адамды құрметтеу

Конституциялық Сот Төрағасы Эльвира Азимова академиялық және құқық қорғаушы қоғамдастықпен кездесу мақсатында Қарағандыға ат басын бұрды. Сот Төрағасы жұмыс сапары барысында Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне және ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясына барып, университет ұжымымен кездесті. Онда сот судьялары Р.Подопригора, Е.Оңғарбаев және А.Жатқанбаева дәрістерін өткізді.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Конституциялық Сот Төрағасы ақпараттық-ағарту қызметін жүргізу жұмысына жастарды қатыстыра отырып, конституциялық бақылау органына көрсеткен сенім мен қолдау үшін жоғары оқу орындары басшылығына алғысын білдірді. Эльвира Азимова 2022 жылғы конституциялық реформаның нәтижесінде жаңартылған үлгіде құрылған Конститу-

пе-теңдікті сақтау. Біріккен Ұлттар Ұйымының жаһандық күн тәртібіндегі 17 индикаторларының ішінде құқықтың үстемділігі және азаматтардың құқығын қорғау мәселесі аса маңызды.

Заңды орындамау бұзушылыққа әкеледі, ал құрметтеу анархияға әкеледі.

Заңның орындалуына азаматтар қатысады. Сондықтан, қоғамның сұрауын, мемлекеттің сол сұрауға сәйкестігін бақылайтын тек қана Конституциялық Сот емес, әрбір қазақстандық азамат.



циялық Соттың қызметі туралы егжей-тегжейлі айтып берді.

«Конституциялық Соттың негізгі міндеті – республиканың бүкіл аумағында Конституцияның үстемдігін, сондай-ақ адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың конституциялық кепілдіктерін қамтамасыз ету. Азаматтарға, Бас прокурорға және Адам құқықтары жөніндегі уәкілге осы органға жүгіну құқығын беру қайта құрылған конституциялық бақылау органының айрықша ерекшелігі», – деп атап өтті Эльвира Әбілкасымқызы.

Сондай-ақ, Конституциялық Сот Төрағасы мен судьялары Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне барды. Кездесуе университеттің заң, саясаттану, тарих факультеттерінің профессорлық-оқытушы құрамы және студенттер қатысты.

Іс-шараны университеттің Басқарма Төрағасы – Ректоры Нұрлан Дулатбеков ашты:

– Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған сәттен бастап, құқықтық-демократиялық мемлекет болып қалыптасуды мақсат етті. 1 жыл бұрын елімізде конституциялық реформа жалпыұлттық реформа нәтижесінде жүзеге асты. Сол арқылы аса бір қажетті бастама – бұрын болған конституциялық топ қайта қалпына келтірілді. Азаматтардың бұзылған конституциялық құқықтарын қалпына келтіру үшін тікелей Конституциялық Сот құру туралы Мемлекет басшысы көтерген бастама қолдауға ие болып, құқық қорғау бағытында өз жұмысын бастап кетті, – деді Нұрлан Орынбасарұлы.

Сондай-ақ, ректор әр жылдарда университет қабырғасынан шыққан мықты заңгерлер Қазақстанның Конституциялық Кеңесінің жұмысына сүбелі үлес қосқанын, бүгінгі таңда сол үрдіс меморандум аясында жалғасып келе жатқанын айтты. Кездесуде Конституциялық Соттың рөлі, бүгінгі таңдағы басымдықтары мен мақсат-міндеттері жайында сөз қозғалды.

Мемлекет басшысы айтқандай, Конституциялық Соттың негізі – азаматтарға қосымша қолдау көрсету. Сонымен бірге, қоғамымызда, мемлекетімізде те-

Біздің саясатымыздың негізгі идеологиясы – адамды құрметтеу. Адам құқықтары құрметтей отырып, қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз ету. Әр азаматтың қоғамның құндылықтарын білуі, күнделікті өмірде пайдалануы маңызды, – деді Конституциялық Соттың Төрағасы Эльвира Азимова.

Сондай-ақ, кездесу барысында Конституциялық Соттың судьялары Айжан Жатқанбаева, Роман Подопригора жалпы соттардың қызметі жайында, мемлекеттік органдарда құқық қолдану тәжірибесін ұстану, адам құқығы, құқықтық сауаттылықты арттыру т.б. маңызды мәселелер туралы сөз қозғады.

Кездесу соңында Бөкетов университеті мен Конституциялық Сот арасындағы ынтымақтастықты дамытуға маңызды қадам жасалып, өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Бұл құжат білім мен тәжірибе алмасудың, сондай-ақ құқықтану және құқық қорғаушы бағытындағы зерттеулер саласында бірлесіп жұмыс істеудің жаңа перспективаларын ашады.

Конституциялық Сот Төрағасы Эльвира Азимова кенді өлкеге жұмыс сапары аясында «Қарағанды облысының Азаматтық Альянсы» Қоғамдық Заң Орталығы, «Адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстандық халықаралық бюро» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды филиалы, сондай-ақ облыс кәсіпкерлерінің қауымдастығын және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын белсенді қолдайтын басқа да қоғамдық бірлестіктермен, өңірдің үкіметтік емес ұйымдарының өкілдерімен кездесті.

Эльвира Әбілкасымқызы Конституциялық Сотқа 9 айда азаматтардан 4 мыңнан астам өтініш келіп түскенін және 27 нормативтік қаулы қабылданғанын, оның 21-і азаматтардың өтініштеріне байланысты екенін айтты. Төраға Қарағанды облысы азаматтардың өтініштер саны бойынша көшбасшы аймақтардың бестігіне кіретінін айтты. Конституциялық Сотқа Қарағанды тұрғындарынан 300-ге жуық өтініш келіп түскен.

• «АДАЛ АЗАМАТ – АДАЛ ЕҢБЕК»

Ерлік пен өрліктің үлгісі

Өрт сөндірушілер мен құтқарушылар – қазіргі заман қаһармандары, ерлік пен өрліктің үлгісі. Олар күн сайын адамдарды түрлі төтенше жағдайдан құтқаруда. Қауіпті де қатерлі қызметте жүрген азаматтарымыз әркез мақтау мен марапатқа лайық. Сондай азаматтардың бірі – қарағандылық өрт сөндіруші-құтқарушы, азаматтық қорғау қызметінің кіші сержанты – Асанәлі Өшімұлы.

Ол қазіргі таңда Қарағанды облысы ТЖД «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» ММ №7 өрт сөндіру бөлімінің өрт сөндіруші-құтқарушысы болып қызмет етіп жүр. Асанәлі Ділдәшев 1993 жылы Қарағанды облысының Шет ауданына қарасты Ақсу-Атолы ауылында дүниеге келген. Жергілікті М.Горький атындағы орта мектепте білім алды.

Ол алғашқы қызметтік баспалдағын 2018 жылы Қарағанды облысының Шет ауданы әкімдігінде сарапшының көмекшісі болып бастаған. Ал, 2019 жылы Азаматтық қорғау саласына келді.

– Мен көпбалалы отбасында дүниеге келдім. Төрт ағайындымыз. Ағам мен әпкем және қарындасым бар. Ата-анам бізді білім мен еңбекке баулып өсірді. Тәлімді тәрбие беріп, үлкен өмір жолына қанат қақтырды. Ата-анамызға мәңгі қарыздармыз. Қазіргі уақытта әке-шешеміз бейнеттерінің зейнетін көріп отырған жайы бар.

2011 жылы орта мектепті бітірген соң Қарағанды медициналық университетіне «Санитарлық-эпидемиологиялық станция» (СЭС) мамандығына грантка оқуға түстім. Бірақ, бұл мамандық жанымға жақын болмады. Мен бала кезімнен құтқарушы болуды армандап өстім. Содан ойланбастан құтқарушылық қызметке келдім. Бұл таңдауыма ешқашан өкінген емеспін. Құтқарушы болу – түрлі апаттан адамдарды құтқару, қажыр-қайратыңды игі іске жұмсау, жай күнде батырлық жасау деп білемін. Қазір төтенше жағдайлар саласында тер төгіп жүргеніме бес жыл уақыт болыпты, – деді кейінкеріміз.

Асанәлі отбасында жұбайы Дәрия екеуі қызғалдақтай екі қыз өсіріп отырған бақытты отбасы. Дәрия Мейрамханқызы – биотехнолог. Ол қазір бала күтіміне байланысты демалыста.

– Қызметтен бос уақытымды отбасыма ар-



наймын. Жұмыстан бөлек балаларымыздың алдындағы әкелік борышымызды да ұмытпауымыз керек. Бұл – үлкен жауапкершілік. Біз де әкеміздің өр тұлғасы мен қайсарлығына, мықтылығы мен шыдамдылығына, адамгершілігі мен адалдығына, еңбексүйгіштігі мен ұлтжандылығына қызығып, үлгі тұтып өстік. Қазак «Әке көрген оқ жонар» деп тегін айтпаса керек. Енді біз де ұл-қызымызға өнегелі тәрбие бере білгеніміз абзал, – деді ол.

Асанәлі Өшімұлының әңгімесінен оның кітапқұмарлығын, тіл байлығын бар екенін байқап қалдық. Өмір сүруге деген құлшыныс, өмірдің жазылмаған заңдылықтарын орындай білудің өзі адамды бақыт мекеніне алып барар жол емес пе!?

Ол – спортты өміріне серік еткен жан. Бос

уақытында волейбол, футбол ойнағанды ұнатады. Тіпті, талай долада тұрақты команда мүшесі ретінде жүздеген орынды қанжығаға байлап қайтқан. Ол демалыста ауылдағы ата-анасына барып, ат тізгіндегенді ұнататынын да жасырмады. Ал, ауыл – нағыз қайнаған өмір бесігі.

Ол Абай облысында болған алапат орман өртіне қатысқаны үшін Аманат партиясының атқарушы хатшысы Д.Кәрібек мырзаның қолынан арнайы Алғыс хатпен марапатталды. Ол бұл марапаттың өзіне ғана емес, барлық әріптестерінің де үлкен жетістігі деп біледі. Қоғам үшін батырлықтың үлгісіндей болған өрт сөндіруші-құтқарушылардың әрбірінің бойында нағыз адамның адамына ғана тән үлкен қарапайымдылық қасиет бар.

– Бұл мамандық батылдықты, шыдамдылық пен жігерді талап етеді. Өрт сөндіруші мен құтқарушы әр мезетте сақайдай сай болуы тиіс. Ең бірінші жылдам жұмыс істей білуді үйренгеніміз абзал. Қайда бара жатқанымызды, қандай құжат алу керектігін және алғашқы медициналық көмек беруді бес саусақтай білу қажет. Шыдамдылық пен батылдықты, арнайы техниканы меңгеру, денсаулықтың мықты болуы, физикалық тұрғыда дайындық, биіктікте жұмыс істеу – әр өрт сөндіруші-құтқарушыдан талап етілетін басты қағидалар. Тек қана өртті сөндіру емес, ең алдымен, адамдардың өмірін сақтап қалу маңызды. Біреудің өмірін сақтап қалу үшін өз өміріңді қатерге тігу үшін де батыл жүрек керек болады.

Мен осы салада қызмет атқарып жүргенімді мақтаныш тұтамын! Бұл – менің қалауым, азаматтық борышым! Өз еліміздің амандығы үшін аянбай қызмет ете береміз! – деді Асанәлі Ділдәшев.

Оның осынау жалынды сөздері кез келген жүректі тебіріткіп, жастарға от берері анық. Мамандықтың жаманы жоқ, егер оны жан-тәнімен дәл Асанәлідей жақсы көре білсе, адал атқара білсе. Қауіпті мамандықтың қайсар иелері аман болсын!

Акерке АМАНҒАЗЫҚЫЗЫ,
Қарағанды облысы ТЖД
баспасөз қызметшісі

Еске алу

Ата-анасының сүйікті перзенті, жанашыр бауыр, адал жар, аяулы ана, достарына сыйлы, әріптестеріне қадірлі болған **Мендігүл ЕБІЛХАНҚЫЗЫ-НЫҒ** 32 жасында бұл фөниден озғанына 24 қыркүйекте 40 күн толады. Нұраталды ауылының тұрғыны болған, Ақтоғай ауданы, Үшарал ауылының Садуақасовтардың келіні болған қызымызды сағынышпен еске аламыз. Жатқан жерін жайлы, жаның жұмақта болсын деп дұға тілейміз.



Мезгілсіз солған гүлім-ай!

Сағыныштан жүрек тулап алқынды,
Жылағаннан көз жасымыз сарқылды.
Қас-қағымда жол апаты болғанды,
Мәңгілікке жоғалттық біз өзіңді.

40 күн толды өзіңді жоқтағалы.
Нұрлы бейнең мәңгі есімізде,
Орның жұмақтан болсыншы,
Мезгілсіз солған гүлім-ай!

Еске алушылар: ата-анасы, ағасы – Батырхан, жеңгесі – Замзугул, бауырлары – Әлихан, Әнел.

№527

• КӨКЕЙКЕСТІ

Әлеуметтік кесел алаңдатады

Нашақорлық – қай кезде де өзекті мәселе. Қазіргі уақытта бұл қатерлі дерттің таралу ауқымы мен жылдамдығы күннен-күнге өсуде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «Есірткі – аса қауіпті әрі ауқымды әлеуметтік кесел» екенін атап өтті. Биыл облы бойынша есірткіге қатысты 243 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелді. Оның ішінде, 68 сату және 124 есірткіні сақтау фактісі анықталды, 157 азамат қылмыстық жауапкершілікке тартылды.



Жыл басынан бері барлығы 700 келіден астам түрлі есірткі тәркіленді. Оның ішінде 97 келі марихуана, 84 келіге жуық гашиш және 7 келі синтетикалық есірткі.

Қазіргі таңда еліміздің жастар арасында «синтетикалық есірткі» деп аталатын тұтынудың жаңа тенденциясы пайда болды.

Синтетикалық есірткі дейтін ұғым осыдан жеті-сегіз жыл бұрын шыға бастады. Бүгінде оның тез таралуы бүкіл әлемнің ең үлкен қауіпіне айналып отыр. Ең негізгі себеп – бұл заттардың қолжетімді болуы және интернетпен мессенджерлер арқылы оңай сатып алу мүмкіндігі.

Алғашында Қазақстанға темекі қоспалары бар «спайс» келді, уақыт өте келе түтіні жоқ темекі – «сноус» саудаға шыға бастады. Кейіннен есірткі әлемін «кристалл», «жылдамдық», «ваннаға арналған тұз» деген түрлі атау жамылған синтетикалық заттар тез жаулады.

Синтетикалық препараттар адам ағзасына зиян. Жүрек-тамыр жүйесі зардап шегеді, иммунитет төмендейді, бұл жиі суық тиюге, түрлі ауруларға әкеледі, бүкіл денеде абсцес пайда болады. Инъекциялық формалары

қауіпті жұқпалы аурулардың таралу қаупін тудырады: вирустық гепатит, мерез және АИТВ. Сонымен қатар, нашақорлық өмір сүру уақытығын едәуір төмендетеді, интеллектуалды деградацияны тудырады. Дене толық психологиялық қысымға ұшырайды, орталық жүйке жүйесі бұзылады (зейін мен ойлаудың бұзылуы, ұйқысыздық, есте сақтау қабілетінің төмендеуі, ашуланшақтық).

Сондықтан, есірткімен күресу – адамзат ұрпағының бүгінгі таңдағы көкейкесті мәселелерінің бірі. Онымен күресу, сақтану, бойды есірткіден аулақ ұстау, саламатты өмір салтын ұстану – адамзат ұрпағының келешекке жетелейтін ұстанымы.

Есірткі саудасы – ел үшін де үлкен қатер. Мұның зардабын көбіне қарапайым халық тартуда.

Ұлап СӘДУАҚАСОВ,
Қарағанды облысы
прокуратурасының
Сотқа дейінгі
тергеп-тексерудің
заңдылығын
қадағалау және
қылмыстық қудалау
басқармасының бастығы

• «МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»

Қайырымдылық – қайырлы іс

2023 жылғы 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында «Балаға мейірім сыйла» ұранымен жыл сайынғы жалпы республикалық «Мектепке жол», «Қамқорлық» акциясы өткізілді. Жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын шара осымен 14-рет қолға алынып отыр.

Акцияның мақсаты – аз қамтылған, қамқорлыққа алынған, асыраушысынан айырылған, көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық уақытында материалдық көмек көрсету және баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу.

Аталған акция №18 жалпы

білім беретін орта мектепте де жағасын тапты. Мектеп директоры Д.Ильясев басшылығымен ұйымдастыру комитеті құрылып, жұмыс жоспары бекітіліп, игі іс-шаралар бастау алды.

Акция барысында «Жакко Қарағанды» ЖШС бас директоры М.Таужанов демеушілік танытып, әлеуметтік жағдайы төмен оқушы-



ларға қолдау көрсетіп, кеңсе тауарларымен қамтамасыз етті. Кәсіпкер жыл сайын әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларға көмек көрсетіп келеді. Осы орайда мек-

теп әкімшілігі тарапынан кәсіпкерге зор алғыс айтымыз келеді.

Жанар ЖҮРГЕМБАЕВА,
әлеуметтік педагог

• ЖОЛ ЕРЕЖЕСІ

Самокат тізгіншісінің қаперіне

Қазақстанда электрлі самокатпен жол жүру ережелері 30 тамыздан күшіне енді. Келер күндерде жол тәртібін бұзғандар жауапқа тартылады. «Ortalyq» электр самокат жүргізушілеріне қандай жағдайда айыппұл салынатынын еске салады.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сонымен. Самокатпен сөйіл құрған болсаңыз, жолдағы жүргінші екендігіңізді естен шығармай, рөлді қос қолыңызбен бекем ұстап жүргеніңіз абзал. Жолаушы тасымалдасаңыз, самокаттың арнайы құрылғысы бар болмағы шарт. Ұзындығы мен ені 50 см-ден аспайтын жүк тасымалдауға рұқсат етіледі. Трамвай жолы мен бірнеше жолақты бағытта солға, яки, кері қайтуға тыйым салынады. Мопедпен, велосипедпен пайдалануға арналған тіркеме болмаса, мопедтерді, электр скутерлерді және велосипедтерді сүйретуге болмайды. Электрлі самокатпен жаяу жүргіншілер өткелінен өтпейсіз! Жол қозғалысы ережесіне сай, өзге көлік құралдарының жүргізушілеріне көрінетін жарық шағылыстыратын затсыз тәуліктің қараңғы уақытында жүрмеңіз. Жол бойымен жүру кезінде түймелі дульғаныңды киіп алыңыз. Дәл осындай тыйымдар мопедтер мен велосипед жүргізушілеріне де



тікелей қатысты.

Электр самокат жүргізушісіне не рұқсат етіледі? Самокат тізгіншілері велосипед жолымен жүре алады. Келергі кездеспесе, жиек жолда, жаяу жүргіншілерге қауіп төндірмей, жаяу жүргіншілер жолында алты шақырым сағаттан аспайтын жылдамдықпен қозғалуға рұқсат. Жолдың жүріс бөлігінің оң жақ шеті, оның ішінде маршруттық көлік құралдарына арналған

жолақ бойынша жүруге, мұнымен қатар, бұл жүру бағытында жүргізуші кәмелетке толған әрі кез келген санаттағы құқықтарға ие

жөніндегі талаптарды сақтамау» негізінде жауапкершілікке тартылады. Тәртіп бұзғаны үшін 5 АЕК-тен (17 250 теңге) 10 АЕК-ке (34 500 теңге) дейін айыппұл салынады. ІІМ Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы Қайсар Сұлтанбаев өзге тәртіп бұзушылық үшін электрлі самокат жүргізушісі ӘҚБтК-нің 620-бабы бойынша «Жол қозғалысына қатысушыларға қойылатын өзге де талаптарды бұзғанда» жатқызлатынын түсіндірді. Айыппұл 5 АЕК-ті (17 250 теңге) құрайды. Жол-көлік оқиғасы жағдайында самокат тізгіншісіне ӘҚБтК-нің 615-бабының 2-бөлігі бойынша «Жаяу жүргіншілердің және жол қозғалысына өзге де қатысушылардың жәбірленушіге денсаулығына зиян келтіруге әкеп соққан, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері жоқ, не материалдық залал келтірген қозғалыс қағидаларын бұзу» жатқызылмақ. Бұл үшін 10 АЕК (34 500 теңге) айыппұл салынады, сондай-ақ жәбірленуші азаматтық-құқықтық тәртіптен залалды өтеуді талап етуге құқылы.

Айта кетелік, 2023 жылғы 23 маусымда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа заңға қол қойып, электрлі самокаттарға арналған Жол қозғалысы ережелерін бекітті.

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны



**Электрондық
пошта:
ortalyk.kaz@
mail.ru**

• СПАРТАКИАДА

Батыр ерлігі – ұрпаққа үлгі

Кенес Одағының Батыры Талғат Бигелдинов атындағы республикалық әскери мектеп-интернатының аумағында құқық қорғау органдары мен күш құрылымдары қызметкерлерінің арасында ерлікпен қаза тапқан I дәрежелі «Айбын» орденінің иегері «Оңтүстік» аймағының әскери прокуроры әділет полковнигі Арман Қапезовті еске алуға арналған спартакиада өткізілді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Спартакиаданы «Орталық» аймағының әскери прокуроры әділет полковнигі Данияр Жұмәділов бастады.

– Жас ұрпақты елін, жерін қорғайтын патриот етіп тәрбиелеу – біздің борышымыз. Сан ғасырдан бергі батыр бабаларымыздың жасаған ерлігі ел аузында. Нағыз батыр бейбіт күнде де бар. Соның бірі – осы Арман Қапезов еді, – деді әскери прокурор Данияр Жұмәділов.

Жарыс ережесі бойынша үстел теннисі, волейбол, шахмат сынды ойындардан жарысқа Қарағанды облысының сегіз құрама командасы қатысты.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы «Орталық» өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы генерал-майор Сәкен-тай Шекарбеков өз сөзінде осындай игі шаралардың өткізілуінің маңыздылығын атап өтті.

Шараға батырдың анасы Ділде Қапезова мен жұбайы Әсемгүл Қапезова балаларымен арнайы шақырылған болатын.

– Менің де балам спортпен шұғылдандуды, футбол, волейбол, шахмат, үстел теннисі ойындарын жақсы көретін. Арман баламын құрметтеі отырып осындай шара ұйымдастырып, ұмытпағандарыңызға аналық алғысымды білдіремін. Барлық жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеймін, – деді батырдың анасы Ділде Қапезова.

Қонақтарға әскери интернаттың аумағына шағын экскурсия ұйымдастырылып, барлығы спорттық сайыстарды қызыға тамашалады.

Бір күндік тартысты жарыста спортшылар барын салды. Алайда, сайыс бар жерде жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді. Ерлер арасында шахмат ойыны біріншілігінде III орын Мәди Қарабаева, II орын Сайран Байшікөвке, ал, I орын Азат Меткановаға табысталды.

Сонымен қатар, әйелдер арасында шахмат ойыны біріншілігінде анықталған жеңімпаз болып, III орынға иелік еткен Динара Алмақбарова, II орынға Мадина Қағиметоваға жайғасты. Ал, бас жүлде Қарлығаш Есеноваға берілді.

Сондай-ақ, ерлер арасында үстел теннисінен III орынға Анвар Нуровқа, II орын Рустам Өмірзақовқа, I орын Нұрбол Макаровка берілді.

• АКЦИЯ

Мәдениет тазалықтан басталады

16 қыркүйек – Дүниежүзілік тазалық күні. Осыған орай еліміздің барлық өңірінде «World Cleanup day 2023» деп аталған акция өтті. Қарағанды да тыс қалмады. Волонтерлер мен мемлекеттік қызметкерлер және ерік білдірген тұрғындар шаһардың түзарларын коқыстан тазартты.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Акция барысында Қарағандының Оңтүстік-Шығысындағы «Ескі әуежай» аталып кеткен көлік базарының маңындағы гүлзар тазартылды. Демалыс орнын коқыс басыпты. Пластик пен шыныдан аяқ алып жүре алмайсыз. Тұрмыстық қалдықтар да тау болып үйіліп жатыр. Бір автобус толып келген еріктілер мен мемлекеттік қызметкерлер айналырған бір жарым сағатта коқыстың бәрін қапқа салды. Облыстық экология департаменті басшысының орынбасары Айман Құлатаева бұл акцияның маңызы зор деп отыр. Себебі, қала да адам ағзасы секілді тазалықты талап етеді.

– Еліміздің дүниежүзілік акцияға

• ПРЕМЬЕРА

Күнәңмен «Бетпе-бет»

«Қарағандыда түсірілген». Кеншілер шаһарындағы «Сарыжайлау» кинотеатрында «Бетпе-бет» фильмінің премьерасы өтті. Жаңа туындының режиссері – Қаршыға Иген. Тұсаукесерге келген көрерменнің қарасы қалып болды. Зал лық толды.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Фильм тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында онсыз да тентірген елдің еншісіндегі дүние-мүлікті таран-таража салып, байығандардың өмірін баяндайды. Басты рөлдерде – бала кезден бірге өскен үш дос. Соның екеуі құлағалы тұрған ауылдың мәдениет үйін, ондағы мүлікті сатып жібереді. Совхоздың да жұмыс техникаларын жоқ қылады. Әккіленген пысықайлар жұрттың басқа да байлығына көз тіге бастайды. Бірақ, Ораз есімді достары бұл шаруаның дұрыс емес екенін, әр нәрсенің сұрауы бар екенін айтады. Одан кәуіптенген Асыл Оразды ұрып өлтіріп, мәйітін өртеп жібереді. Жауаптан қашу үшін полицияға пара беріп, «өзіне-өзі қол жұмсады» деген деректі тіркеді. Марқұмның соңында жары мен Бауыржан есімді жалғыз ұлы қалады. Оқиға 1993 жылы болған.

Содан бері 30 жыл өтеді. Ораздың ұлы

Бауыржан есейіп, облыстық «Saryaqqa» телесарнасының журналисі атанды. Ал, әкесін өлтірген залым – Асыл кәсібі дөңгелеген, елдің сүйіктісіне айналған мещан. Марат есімді екінші достары арбаға таңылған. Әкесінен айырылған Бауыржан 30 жылдан соң кел алуға бел буады. Міне, туындының кульминациясы осы жерден басталады.

Режиссер «Өмір деген – бумеранг, жазағанының бәрі алдына келеді» дегенді айтады. Басты идеясы – обал, сауап.

– Бұл фильмнің сценарийі ел тарихымен тығыз байланысты. Өмірден алынған шынайы туынды. Егемендіктің алғашқы жылдарында халқымыз талай қиындықты көрді. Ал, пысықай, залымдар ұрық жасап, арам жолмен байыды. Мен сол кезеңдегі тұрмысты, жағдайды жеткізім келді, – деді Қаршыға Иген.

Асланның ролінде – Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Мекен Қысықов. Ал, мүтедек арбаға таңылған

Мараттың ролінде – Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Кеңес Жұмабеков. Ораздың ұлы, «Бетпе-бет» бағдарламасының жүргізушісі – Сәкен театрының актері Бауыржан Нұрмағанбетов.

«Бетпе-бет» фильмін түсіруге екі жарым ай уақыт кеткен. Бар болғаны 1 млн.

теңгеден астам ғана қаражат жұмсалыпты. Түсірілімге қажетті техникалармен, операторлармен, тіпті, актерлермен облыстық «Saryaqqa» телесарнасы қамтамасыз еткен. Телесарнаның ұл-қыздары бірнеше рөлді сомдап, өз деңгейінде алып шықты. Фильмге баға беруден, сынаудан аулақпыз. Бірақ, залдағы бірде-бір адам тапқылмады. Соңына дейін тамашалады. Кейіпкермен бірге мұнайып, бірге күлді. Демек, жұрттың жүрегінен орын тапты. Нағыз сыншы халық емес пе?

Фильмге бар болғаны 1 млн. теңге жұмсалғанын айттық. Қазіргі нарықта бұл қаражаттың өзі көп жұрттыңды жамауға келмейді. Жүйелі қолдау болса, Қаршыға Иген Қарағандының Алексей Балабановы (1997 жылы түсірілген атакты «Брат» фильмінің режиссері) болайын деп-ақ тұр.

Айта кетейік, осыған дейін Қаршыға Игеннің «Блогер келін», «Адастан әйел», «Қара пима», «Тұзақ», «Хабарлама» деген фильмдері жарыққа шыққан.

Суретті түсірген автор

• ФЕСТИВАЛЬ

«Артық білім кітапта...»

Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада «КітапTime-2023» кітап фестивалі өтті. Салтанатты ашылу рәсіміне оқырмандар қатысты. Оқырмандарға кітаптар керуені, әдеби вернисаж, әдеби подиум, шеберлік сағаты, кітап басқартқышы, білім ақшонадары, BookCrossing алаңы ұйымдастырылды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Фестиваль аясында түрлі кітап көрмелері мен инсталляциялар қойылды. «Мәңгілік мұра» көрмесінде сирек кездесетін кітаптар назарға ұсынылды. Абай Құнан-

байұлының әлем халықтарының тілдеріне тәржімаланған томдықтары да сөреде. Коворкинг орталығындағы фотоаймақта келушілерге фотосессия өткізілді.

Одан бөлек, салтанатты рәсімде Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің әншісі Нұрлытан Саятқызы ән шырқады. Оқу залында Мағжан Жұмабаевтың туға-

нына 130 жыл толуына орай «Мағжан әлемі» атты театрландырылған әдеби подиум өтті.

Кітаптан бөлек, қолөнершілерге де арналған шаралар ұйымдастырылды. «Моншақ – киімнің көркі» шеберлік сағатында өнер бөлімінің қатысушылары өз бұйымдарын, пішілген киімдерін оқырманға көрсетті.

– Фестивальдің мақсаты – жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын ояту және құндылықтарды насихаттау. Біздің кітапханадан барлық әдебиетті табасыз. Біліміңізді арттыруға қажетті шығарманың бәрі бар, – деді кітапхана директорының міндетін атқарушы Гауһар Умбединова.

қатысуы – маңызды. Қазақстан «Жасыл экономика» қағидатын іске асыра алатын және 2030 жылға дейін орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге қабілетті екенін көрсете алады. Осы орайда тұрғындардың белсенділігі аса қажет. Тазалық дегеніміз – мәдениет. Мәдениеті жоғары елдің болашағы жарқын. Қарағандылықтар барынша жауапты болса дейміз, – деді департамент басшысының орынбасары Айман Құлатаева.

Тілеужан Әбдірешова есімді еріктілер тобының жетекшісі сенбілікке өзінің достарымен келіпті.

– Меніңше, бұндай акция әр апта сайын өтіп тұруы керек. Осы сенбілік арқылы да елдің дамуына зор үлес қосуға болады. Қарағанды – Қазақстан бойынша ластанған қалалардың бестігінде. Бұл – көңілге үрей ұялатады. Әрекетке көшу қажет, – деді Тілеужан Әбдірешова.

Сенбілікке қатысқандарға ұйымдастырушылар арнайы ойын-сауық бағдарламасын да әзірлепті. Жан-жақтан жиналған экобелсенділер үшін түрлі байқаулар өткізілді.

• ЖАЗҒЫ АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ-2023

35 спортшы қатысады

XIX жазғы Азия ойындары 2023 жылдың 23 қыркүйегі мен 8 қазан аралығында Қытайдың Ханчжоу қаласында өтеді.

Ауқымды құрлық додасында Қазақстан Туын көтеру құрметі ұлттық спорт түрлерінен екі атакты спортшы Асланбек Шымбергенов пен Надежда Дубовицкаяға тапсырылған.

XIX жазғы Азия ойындарында барлығы 474 медаль жиынтығы ойнатылады. Оның 381-і олимпиадалық спорт түрінен, 93-і олимпиадалық емес спорт түрінен. Жарыстар 61 спорт түрі бойынша өтеді, оның 45-і – олимпиадалық, 16-сы – олимпиадалық емес спорт түрлері.

Мұнда 20-ға жуық спорт түрінен Қарағанды облысынан 35 спортшы Ұлт құрамасы сапында ел намысын қорғайды. Жерлестерімізге жеңіс тілейміз!

• ШАҒЫН ФУТБОЛ

Күзгі маусым басталды

Қарағанды қаласында өнерпаздар мен БАҚ өкілдері арасындағы дәстүрлі DOSTYQ LEAGUE QRG шағын футбол лигасы күзгі маусымның алғашқы тур ойындары басталды. Күзгі маусым ойындары заманауи жабықталған NOMAD ARENA спорт кешенінің жасыл алаңдарында өтеді.

– Аталған лиганы басында төрт командамен бастап едік. Жазғы маусымда алты командаға өсіп, «Есенғали» командасы чемпион болған. Күзгі лигада қызығушылық танытқандар қатары көбейіп, сегіз командаға жетті. Лиганың ережесі бекітілген. Әр командада 16 ойыншыдан. Мақсатымыз – достықты, саламатты өмір салтын насихаттау, – дейді DOSTYQ LEAGUE QRG президенті Аман Хамит.

Атап айтсақ, «Есенғали», «Арлан», «Дарабоз», «Қайрат», «Концерттік бірлестік», «Айтыскер», «Dostar United», «AdiDos» шағын футбол клубтары өзара бақ сынасауда. Ойыншылардың денін ақын, журналист, айтыскер, жыршы-жырау, сазгер, әнші, асаба, актер және басқа да өнер өкілдері құрайды.



• ТАЭКВОНДО

Үштің өзі күш

Қарағандыда WT таэквондодан Ауған соғысы жауынгерлерін еске алуға арналған XVIII Халықаралық «Karaganda Open» турнирі өтті. Оған еліміздің 17 облысы мен 3 қаласынан, Өзбекстан, Қырғызстан және Ресейден 600-ге жуық спортшы және 60-қа жуық сурдо-пара спортшы қатысты.

Қарағанды облысының намысын қорғаған спортшылар арасынан Айлина Ибраева, Камилла Ишанова, Мәди Бахиев, Аян Әбдіраш, Аңсар Орлов, Айжан Абдикатова өз салмақ дәрежесінде үздік өнер көрсетіп, чемпион атанды. Бұл спортшылардан басқа 20-ға жуық жүлдегер бар екенін айта кеткен жөн. Жалпы-командалық есепте Қарағанды облысы III орынға ие болды.



Дайындаған Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryaqqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальнаы Қарағанда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА

Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерскс: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтинк, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218ВР00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 564

№ 104 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ**